

**БЕКІТЕМІН**  
**Шымкент қаласы ДСБ ШЖҚ**  
**«№3 Қалалық емхана» МКК-ның**  
**бас дәрігер**  
\_\_\_\_\_ **А.У.Омар**

**Комплаенс офицердің**  
**Лауазымдық нұсқаулығы**

Шымкент 2023

## **Мазмұны**

- 1. Жалпы ережелер.....**
- 2. Функционалдық міндеттер.....**
- 3. Құқықтары.....**
- 4. Жауапкершілік.....**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы лауазымдық нұсқаулық «ДСБ ШЖҚ «№3 қалалық емхана» МКК» әкімшілігінің (бұдан әрі - «№3 қалалық емхана» әкімшілігі) штат бірлігі болып табылатын Комплаенс офицердің функционалдық міндеттерін, құқықтарын және жауапкершілігін анықтайды.

1.2 Комплаенс офицердің қызметіне жоғары заң білімі бар және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар тұлға тағайындалады. Комплаенс офицер «№3 қалалық емхана» әкімшілігінің **Байқау кеңесі** шешімімен қызметке тағайындалады және босатылады.

1.3 Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында Комплаенс офицер «№3 қалалық емхана» **Байқау кеңесі** негізінде бағынады.

1.4 Комплаенс офицер өзінің қызметінде;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын,
- Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын,
- Қазақстан Республикасы «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» Заңын,
- Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексын,
- Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексын,
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексын,
- 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын,
- «№3 қалалық емхана» Жарлығын,
- «№3 қалалық емхана» әкімшілігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын,
- ISO 37001:2016 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» Халықаралық стандартын,
- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік, ұйымдастыру-жарлық құжаттарын,
- «№3 қалалық емхана» ішкі нормативтік құжаттарын,
- «№3 қалалық емхана» бас дәрігердің нұсқаулары мен тапсырмаларын,
- Сонымен бірге осы лауазымдық нұсқаулығын басшылыққа алады.

1.5 Комплаенс офицер білуі тиіс:

- Қолданыстағы Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының азаматтық, еңбек, әкімшілік, қылмыстық, процессуалдық заңнамаларды, Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» Заңын, «№3 қалалық емхана» Жарғысын, «№3 қалалық емхана» ішкі нормативтік құжаттарын, «№3 қалалық емхана» бас дәрігер бұйрықтары мен өкімдерін.

1.6 Комплаенс офицер болмаған кезде (іссапар, демалыс, уақытша жұмысқа жарамсыздық және т.б.) оның міндеттерін уақытша орындау, өзінің келісімі немесе ұсынысы бойынша белгіленген тәртіппен басқа мамандардың біріне жүктеледі.

## **2. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕР**

2.1 Комплаенс офицердің міндеттеріне келесілер кіреді:

- Комплаенс офицер «№3 қалалық емхана» штат бірлігі болғандықтан өз міндеттеріне ұқыпты және жауапкершілікпен қарау;

- «№3 қалалық емхана» әкімшілігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидаларымен талаптарын сақтау;

- «№3 қалалық емхана» әкімшілігінде жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелер, сонымен бірге Комплаенс офицердің құзыреттілігіне кіретін хаттар, өтініштер, арыздар мен басқа да материалдар бойынша тиісті құжаттарды қажеттілігіне қарай қарау және беру;

- «№3 қалалық емхана» әкімшілігінде әзірленетін шарттардың, бұйрықтардың, өкімдердің, нұсқаулықтардың, ережелердің, басқа да ұйымдастыру-жарлық құжаттарының қолданыстағы Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкестігін алдын ала тексеру мақсатында құжаттардың жобаларына бұрыштама қою;

- «№3 қалалық емхана» әкімшілігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидалары мен талаптарын жүзеге асыруына бағытталған іс-шараларды үйлестіру және қадағалау;

- «№3 қалалық емхана» қызметкерлерінің атқаруындағы лауазымына, саласына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қатысу қауіпін азайтуға бағытталған іс-шараларды үйлестіру және қадағалау;

- «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлықтың барлық формалары мен көріністерінен бас тарту туралы «№3 қалалық емхана» қызметкерлеріне жалпы түсінік жасауға бағытталған іс-шараларды үйлестіру және қадағалау;

- «№3 қалалық емхана» қызметкерлерінің қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын түсіндіруге бағытталған іс-шараларды үйлестіру және қадағалау;

- «№3 қалалық емхана» қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың қағидалары мен талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен қолданылатын негізгі нормаларды, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықты білу және сақтау жөніндегі міндеттерінің орындалуын қадағалау;

- «№3 қалалық емхана» талдау жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі анализ жасау;

- «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «№3 қалалық емхана» қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шараларды үйлестіру және қадағалау;

- «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қолдану саласын, «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлықтың ықпалына түсетін немесе түскен қызметкерлерді анықтау, құқықтық баға беру, олармен консультативтік сипатта түсіндірме жұмыстарын жүргізу және ол туралы «№3 қалалық емхана» бас дәрігерге баяндау;

- «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылатын жобасын, стандарттар мен рәсімдерді және оларды орындау тәртібін белгілеуге бағытталған іс-шараларды үйлестіру және қадағалау;

### **3. ҚҰҚЫҚТАРЫ**

#### **3.1 Комплаенс офицер құқылы:**

-Қызметіне сәйкес басшылықтан міндеттерді және қызметтік өкілеттіктердің көлемін нақты белгілеуді талап етуге;

- «№3 қалалық емхана» есебінен, өзінің келісімі немесе ұсынысы бойынша түрлі дәрежедегі біліктілігін көтеру, оқу курстарынан өз қызметіне сәйкес білім алуға, біліктілігін жоғарлатуға;

-Қызметіне сәйкес басшылықтан «№3 қалалық емхана» қызметкерлерінің атқаратын лауазымына, саласына қарамастан жұмысқа тағайындау, босату және марапаттау туралы ұсыныстар енгізу барысында «№11 қалалық емхана» әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидалары мен талаптарының орындалуын талап етуге;

-Қызметіне сәйкес «№3 қалалық емхана» қызметкерлерінен, олардың атқаруындағы лауазымына, саласына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қатысты тапсырмаларды беруге және дер кезінде орындалуын талап етуге;

- Комплаенс офицердің құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша, «№3 қалалық емхана» басшыларына, қызметкерлеріне, олардың атқаратын лауазымына, саласына қарамастан ұсыныстар беруге, талаптар қоюға және олардың орындалуын талап етуге;

- «№3 қалалық емхана» басшылығымен өткізілетін кеңестерге қатысуға, сонымен бірге Комплаенс офицердің құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер алуға, кеңестер өткізуге, ұсыныстар және тапсырмалар беруге;

-«№3 қалалық емханада» жасалатын шарттардың және басқа да келісімдердің жобалары бойынша, олардың «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидалары мен талаптарына сәйкестігіне, мәніне сараптама өткізуге және бұрыштама қоюға;

-«№3 қалалық емхана» қарастырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелерді шешудің заңды тәртібі туралы ұсыныстар беруге;

-«№3 қалалық емхана» қызметкерлерінен, барлық құрылымдық бөлімшелерінен, олардың атқаруындағы лауазымына, саласына қарамастан, өзінің лауазымдық міндеттерін орындау мақсатында қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрауға және алуға;

-Қызметіне сәйкес, қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға, «№3 қалалық емхана» сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидалары мен талаптарына сәйкес келмейтін, қол қоюға ұсынылған ішкі және ұйымдастыру-жарлық құжаттардың жобаларымен келіспеуге, бұрыштама қоймауға;

-Қызметіне сәйкес, өзінің алдына қойылған міндеттерді орындау мақсатында заң аясында барлық шаралар қабылдауға;

#### **4. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

4.1 Комплаенс офицер өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен келесіге жауапты болады:

-Өзінің лауазымдық міндеттерін және басшылықтың өкімдерін дәлелді себептерсіз орындамауға немесе тиісті деңгейде орындамауға;

- Еңбек тәртібін бұзуға;

-«№3 қалалық емхана» әкімшілік қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқада құпияны құрайтын ақпаратты жариялауға;

**Әзірлеген:**

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Комплаенс офицер	Абдухалик Е.	05.01.2022	